

## Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 792 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 8 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5482 болып енгізілді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды малдардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің М ал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Тоқсеитова Р.Ә.) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. "Асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 614 бұйрығының (Мемлекеттік тізілімде 2004 жылғы 16 қарашада 3206 нөмірімен тіркелген, 2005 жылғы 9 қарашада N 143 "Заң газеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 3.10.2014 № 3-3/503 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

А. Евниев

министрінің міндетін  
атқарушының  
2008 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 792 бұйрығымен  
бекітілген

## **Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.03.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабы 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілім жүргізу мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

- 1) Қазақстан Республикасындағы асыл тұқымды жануарларды есепке алу;
- 2) жануарлардың тұқымдарымен селекциялық жұмыс жүргізуді жоспарлау үшін дереккор құру.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімі (бұдан әрі – республикалық тізілім) – асыл тұқымды жануарлардың саны, тұқымдары, өнімділік бағыттары бойынша деректер жиынтығы;

2) асыл тұқымды жануар – тұқым стандартына сай келетін және Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық палатада тіркелген таза тұқымды жануар.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.08.2024 № 282 (11.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **2-тарау. Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу тәртібі**

4. Ірі қара малға, қойларға, жылқыларға, құстарға, ешкілерге, шошқаларға, түйелерге, маралдарға, бұғыларға, балараларға асыл тұқымды мәртебесін беруді "Асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 3-3/1084 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12897 болып тіркелген) сәйкес республикалық палаталар жүргізеді.

5. Республикалық палаталар асыл тұқымды жануар мәртебесін беруді есепке алу журналының деректері негізінде "Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 164 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32424 болып тіркелген) бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды (бұдан әрі – әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар) толтырады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 21.08.2024 № 282 (11.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Республикалық палаталар жыл сайын есепті жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 10 қаңтарына дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды республикалық тізілімге енгізу үшін асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

7. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган республикалық палаталар ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандардың негізінде жыл сайын есепті жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 ақпанына дейін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес 1, 2, 3 және 4-нысандар бойынша асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жасайды.

8. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 5 ақпанына дейін республикалық тізілімді асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жариялауды жүзеге асырады.

Асыл тұқымды жануарлардың  
республикалық тізілімін  
жүргізу қағидаларына  
қосымша  
1-нысан

**Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімі \_\_\_\_\_**

**(асыл тұқымды жануардың түрі көрсетіледі: ірі қара мал/қой/ешкі/жылқы/құс) Қазақстан Республикасының барлық санаттарындағы шаруашылықтарда 20\_\_ жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша**

Р/с №	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және)	Шаруашылықтардың саны, бірлік	Барлық бағыттағы _____ (асыл тұқымды жануардың түрі көрсетіледі) саны		
			барлығы, бас	оның ішінде аналығы	оның ішінде өнімділік бағыттары бойынша, бас
			(өнімділік бағыты көрсетіледі)	(өнімділік бағыты көрсетіледі)	(өнімділік бағыты көрсетіледі)

	астанан ың) атауы				барлығы , бас	оның ішінде аналығы	барлығы , бас	оның ішінде аналығы	барлығы , бас	оның ішінде аналығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Республика бойынша барлығы:										

**кестенің жалғасы**

Р/с №	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) атауы	Шаруашылықтардың саны, бірлік	(өнімділік бағыты көрсетіледі) бағытындағы жануарлардың саны									
			барлығы, бас	оның ішінде аналығы	оның ішінде, тұқымдар (кросстар) бойынша							
					(тұқым көрсетіледі)		(тұқым көрсетіледі)		(тұқым көрсетіледі)		(тұқым көрсетіледі)	
					барлығы, бас	оның ішінде аналығы	барлығы, бас	оның ішінде аналығы	барлығы, бас	оның ішінде аналығы	барлығы, бас	оның ішінде аналығы
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
Республика бойынша барлығы:												

**2-нысан**

**Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімі \_\_\_\_\_ (асыл тұқымды жануардың түрі көрсетіледі: түйе/шошқа) Қазақстан Республикасының барлық санаттағы шаруашылықтарында 20\_\_ жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша**

Р/с №	Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) атауы	Шаруашылықтардың саны, бірлік	оның ішінде, тұқымдар (кросстар) бойынша									
			барлығы, бас	оның ішінде аналығы								
					(тұқым көрсетіледі)		(тұқым көрсетіледі)		(тұқым көрсетіледі)		(тұқым көрсетіледі)	
					барлығы, бас	оның ішінде аналығы	барлығы, бас	оның ішінде аналығы	барлығы, бас	оның ішінде аналығы	барлығы, бас	оның ішінде аналығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Республика бойынша барлығы:												

**3-нысан**

**Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімі \_\_\_\_\_**

**(асыл тұқымды жануардың түрі \_\_\_\_\_)**

**көрсетіледі: асыл тұқымды маралдар/теңбіл бұғылар) Қазақстан Республикасының барлық санаттағы шаруашылықтарында 20\_\_ жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша**

Р/с №	Облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың және астананың) атауы	Шаруашылықтардың саны, бірлік	Асыл тұқымды маралдар мен теңбіл бұғылардың саны		олардың ішінде:						
			барлығы, бас	оның ішінде аналық маралдар мен теңбіл бұғылар	маралдар		теңбіл бұғылар				
					Шаруашылықтардың саны, бірлік	барлығы, бас	оның ішінде аналық маралдар	Шаруашылықтардың саны, бірлік	барлығы, бас	оның ішінде аналық теңбіл бұғылар	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Республика бойынша барлығы:											

4-нысан

**Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімі \_\_\_\_\_**

**(асыл тұқымды жануардың түрі \_\_\_\_\_)**

**көрсетіледі: асыл тұқымды баларалар) Қазақстан Республикасының барлық санаттағы шаруашылықтарында 20\_\_ жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша**

Р/с№	Облыстың ( республикалық маңызы бар қаланың және астананың) атауы	Шаруашылықтардың саны, бірлік	Бал ара ұялардың саны, бірлік	оның ішінде тұқым бойынша		
				карпат	орта орыс	карника
1	2	3	4	5	6	7
Республика бойынша барлығы:						